

Шемонаиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/18–VII "Шемонаиха ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2025 жылғы 18 наурыздағы № 29/3-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 19 наурызда № 9156-16 болып тіркелді

Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/18–VII "Шемонаиха ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 8557 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Шемонаиха ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

женеілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер ;

басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр тұрлерімен ауыратын адамдар;

жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар;

асыраудында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша құндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) жатады.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха аудандық мәслихаты
төрағасының міндеттін атқарушы*

E. Григорьева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК